АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
АЛҒА АУДАНЫ
ТОҚМАНСАЙ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІ ӘКІМІ
ШЕШІМ

030206, Ақтөбе облысы
Алғааудаиы Қайнар а.
(8) 713-37-71-955
tokmansai_so@mail.ru

АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
АЛГИНСКИЙ РАЙОН
АКИМ ТОКМАНСАЙСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
РЕШЕНИЕ

030206, Актюбинская область
Алгинский район с.Кайнар
(8) 713-37-71-955
tokmansai_so@mail.ru

«30» желтоқсан 2025 ж № 16

Алға аудандық мәслихатының 2025 жылғы 23 желтоқсандағы №372 «2026-2028 жылдарға арналған Тоқмансай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы » шешімін іске асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 79-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35, 37 – баптарына сәйкес және Алға аудандық мәслихатының 2025 жылғы 23 желтоқсандағы №372 «2025-2027 жылдарға арналған Тоқмансай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» шешімін іске асыру мақсатында Тоқмансай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2026-2028 жылдарға арналған Тоқмансай ауылдық округінің бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2026 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 83 059 мың теңге:
салықтық түсімдер – 15 065 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 212 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 703 мың теңге;
арнаулы түсімдер – 0 теңге;
трансферттер түсімі - 67 079 мың теңге;
2) шығындар – 83 059 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу- 0 теңге:
бюджеттік кредиттер - 0 теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 теңге:
қаржы активтерін сатып алу - 0 теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) - 0 теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 0 теңге:
қарыздар түсімі - 0 теңге;
қарыздарды өтеу - 0 теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары - 0 теңге.

2. Ауылдық округі бюджетінің кірісіне есептелетін болып ескерілсін:

төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы;

жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;

жер салығы;

заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық;

жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық;

бірыңғай жер салығы;

жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлем;

жергілікті бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

3. Қазақстан Республикасының «2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 7 бабына сәйкес белгіленгені назарға және басшылыққа алынсын:

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 85 000 теңге;

2) айлық есептік көрсеткіш - 4 325 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 50 851 теңге.

4. 2026 жылға арналған ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен берілетін субвенция көлемі – 49 926 мың теңге сомасында ескерілсін.

5. 2026 жылға арналған ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін:

елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру - 17153 мың тенге.

6. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Тоқмансай ауылдық округінің әкімі **Ш.Кушкимбаев**